



"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу Ережесі" жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 1997 жылғы 30 маусымдағы N 246. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 тамызда тіркелді. Тіркеу N 345. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 554 ~V011748 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарының рыногын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу Ережесі" айтылған ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен (1995 жылғы 26 маусымдағы N 47 Қаулы) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, айналысқа шығару және өтеу тәртібі, шарттары туралы Ереженің" күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Мемлекеттік бағалы қағаздар басқармасы (Карягин А.В.) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір апта ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармалары мен екінші деңгейдегі банктерге жіберіп, оларға Қаулыны және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу Ережесін алған күннен бастап бір апта ішінде бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына жіберуді міндеттесін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.А. Бектасовқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к Т ө р а ғ а с ы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

1997 жылғы 30 маусымдағы
N 246 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді
ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу
Е р е ж е с і

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі Ұлттық Банк) қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу тәртібін р е т т е й д і .

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары айналыстағы ақша массасын реттеуге арналған ақша-кредит саясатының құралы болып табылады.

1.2. Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды 90 күнге дейінгі айналыс мерзімімен айналысқа шығарады және олар алғашқы кезде Ұлттық Банк нақты құнынан төмен бағамен сататын, ал нақты құны бойынша өтелетін мемлекеттік дисконттелген заттандырылмаған бағалы қағаздар болып табылады.

1.3. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары айналысқа шығарылатын мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады.

1.4. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының шығарылатын күні мен айналыс мерзімі оларды шығару тәртібі жөнінде хабарланған сәттен бастап б е л г і л е н е д і .

1.5. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары құжаттамасыз нысанда шығарылады. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының нақты құны 100 теңге б о л а д ы .

1.6. Кесімді баға - өтінімдер қанағаттандырыла бастайтын ең аз д и с к о н т т е л г е н б а ғ а .

1.7. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары - Алғашқы агенттер арқылы жүзеге асырылады, оларды Ұлттық Банк белгілейді.

1.8. Алғашқы агент - бағалы қағаздар рыногында дилерлік және/немесе брокерлік қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының лицензиясы бар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен операция жүргізуге қызмет көрсету туралы Ұлттық Банкпен келісім жасаған бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой

қатысушылар заңды тұлға бола алады.

1.9. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен операция жүргізуге қызмет көрсету туралы келісімге Ұлттық Банктің атынан Төрағаның орынбасары, Алғашқы агенттің атынан - Бірінші басшы немесе ол уәкілдік берген адам қол қояды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен операция жүргізуге қызмет көрсету жөніндегі шарттың үлгілік нысаны осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген.

1.10. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру екі әдіспен:

- Ұлттық Банк жүргізетін аукцион әдісімен;
- Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарды алғашқы агенттермен келісілген баға бойынша Ұлттық Банктің сату әдісімен жүзеге асырылады.

1.11. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастырудың аукциондық әдісі мен өтінімдерді қанағаттандыру неғұрлым аз дисконттен басталып, барлық жарияланған эмиссия көлемі түгесілетін дисконт кезінде аяқталуын айтады.

1.12. Ұлттық Банк өзі жүргізетін ақша-кредит саясатының бағыттары мен қаржы рыногында қалыптасатын жағдайларға сәйкес аукционға қатысушылардың Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын аукцион шарттарында белгіленген көлемнен төмен не жоғары мөлшерде сатып алу өтінімдерін қанағаттандыруға құқылы.

1.13. Ұлттық Банк өзі шығаратын қысқа мерзімді ноттарды аукцион өткізілетін күні аукционда қалыптасқан орташа алғандағы дисконттелген бағадан төмен болмайтын баға бойынша Төрағаның Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарының өкілі арқылы белгіленген көлемге жеткенге дейін орналастыруға құқылы.

Ескерту. 1.13.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

1.14. Ұлттық Банк Алғашқы агентпен келісе отырып өзі шығаратын қысқа мерзімді ноттарды өтеу мерзімін ауыстыруға құқылы.

1.15. Ұлттық Банк өзі жүргізетін ақша-кредит саясатының мақсаттарына сәйкес өзі шығаратын қысқа мерзімді ноттарды мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында қаржы рыногының жағдайына белсенді ықпал ету мақсатында сатып алуға және сатуға құқылы.

1.16. Инвесторлар Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен мәмілелерді тек Алғашқы агенттер арқылы, олармен мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен мәмілелерге қызмет көрсетуге келісім жасай отырып жүзеге асырады.

II. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукционын өткізу тәртібі және оларды Алғашқы агенттермен келісілген баға бойынша сату жолымен орналастыру

2.1. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыруға байланысы барлық ақпарат Ұлттық банк белгілеген мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы беріледі.

2.2. Мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы берілетін барлық электронды хабарлар Ұлттық Банк белгілеген ақпараттық-криптографиялық қорғау жүйесінің көмегімен шифрланады.

2.3. Мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы беру техникалық жағынан мүкін болмаған жағдайда мәліметтердің хабарларын осы Ереженің NN 2, 3, 4, 5 Қосымшаларында көрсетілген тиісті үлгі бойынша қағазға түсіріп беруге рұқсат етіледі.

2.4. Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттардың аукционы өткізілерден кемінде 1 жұмыс күні бұрын мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы Алғашқы агенттерге және Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі ЖАҚ-ына (бұдан әрі - Орталық депозитарий) аукционның өткізілу шартын хабарлайды, сонымен бірге оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Ескерту. 2.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен.

2.5. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногының қатысушылары аукцион өткізілетін күні шығарылу шартымен белгіленген бәсекелік және бәсекелік емес ұсыныстармен өтінімдер бере алады.

2.6. Берілген өтінімнің бәсекелік ұсыныстарында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының саны, бір ноттың болжамды дисконттелген бағасы, нақты құны мен дисконттелген бағасы бойынша сатып алудың жалпы көлемі көрсетіледі.

2.7. Бәсекелік емес ұсыныстарда қатысушылар аукционда қалыптасқан орташа алынған бағамен сатып алуға ниет білдірген Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының жалпы саны ғана көрсетіледі.

2.8. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукционын өткізетін күні 9.00-ден 11.00-ге дейін Алғашқы агенттер мәліметтер берудің электрондық жүйесі бойынша Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесіне Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға бәсекелік және бәсекелік емес ұсыныстарымен өтінімдер береді.

Ескерту. 2.8.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360

V 9 8 0 8 5 7 _

қ а у л ы с ы м е н .

2.9. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алу өтінімдері оны автоматтық режимде беру үшін белгіленген үлгідегі бланк толтыру жолымен р е с і м д е л е д і .

2.10. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшелері 9.30-дан бастап жинақ ведомосында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алу өтінімдерін қорытындылайды, оған Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесінің бастығы қол қойып, 11.00-де Ұлттық Банк Төрағасының Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасарына береді (осы Ережеге N 3 Қосымша).

Ескерту. 2.10.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360
V 9 8 0 8 5 7 _ қ а у л ы с ы м е н .

2.11. Ұлттық Банктің басшылығы 11.00-ден 11.30-ға дейін аукциондағы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының бағасының шарттары және сатып алу өтінімдерін қанағаттандыру көлемі туралы шешім қабылдайды. Аталған шешім Ұлттық Банк Төрағасының Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесіне жетекшілік ететін орынбасары қол қойған өкіммен ресімделеді.

Ескерту. 2.11.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360
V 9 8 0 8 5 7 _ қ а у л ы с ы м е н .

2.12. Ұлттық Банк аукцион шарттарын жариялаған кезде қаржы рыногында қалыптасқан жағдайға сүйене отырып бәсекеге түспейтін өтінімдерді қанағаттандыру үлесін, сондай-ақ Алғашқы агенттерге және резидент емес инвесторларға Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сату көлемінің үлесін ө з і б е л г і л е й д і .

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттар аукционының Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттердің немесе инвесторлардың сатып алуын, резидент еместердің қатысуын және бәсекеге түспейтін өтінімдердің қанағаттандырылуын шектеуге қатысты жарияланған шарттарын Ұлттық Банк жедел, аукцион өткізілген күні өзгертуге құқылы.

Ескерту. 2.12.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360
V 9 8 0 8 5 7 _ қ а у л ы с ы м е н .

2.13. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын қосымша орналастыру туралы шешім қабылданған жағдайда Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен

операция жүргізуге өкілетті бөлімшелері аукцион өткізілетін күні мәліметтер берудің электрондық жүйесі арқылы Алғашқы агенттерге орналастырғанға дейін көлемін және орташа алынған дисконттелген бағасын 12.00-ге дейін хабарлайды.

Ескерту. 2.13.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

2.14. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын қосымша орналастыру аукцион өткізілетін күні 14.00-ге дейін өтінімдердің түсуіне қарай жүзеге асырылады .

2.15. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өткізілетін аукционның орташа алынған дисконттелген бағасы бойынша келесі жұмыс күні қосымша орналастыруға құқылы .

Ескерту. 2.15.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

2.16. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесі Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға арналған өтінімдерді қанағаттандыру көлемі туралы хабарламаны Алғашқы агенттерге және Орталық депозитарийге Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукционы өткізілетін күнгі сағат 15.30-ға дейін береді.

Ескерту. 2.16.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

2.17. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесі және Ұлттық Банк Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға арналған өтінімдердің қанағаттандырылған көлемі туралы хабарлама негізінде оларды шығару талаптарына сәйкес Ұлттық Банк белгілеген төлем жасау күнгі сағат 17.00-ден кешіктірмей Орталық депозитарийге Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға арналған ақшаны аударатын "депо" тапсырмасын және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазылуын береді.

Ескерту. 2.17.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

2.18. Орталық депозитарий тура сол күні Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары аукционының және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазылу қорытындысы бойынша Ұлттық Банктен және Алғашқы агенттерден ақша аударуға арналған "депо" тапсырмаларының

түсуіне қарай оларды салыстырып тексереді және салыстырып тексерудің нәтижесі бойынша ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі Алғашқы агенттің позициясынан (бұдан әрі - Алғашқы агенттің позициясы) ақшаны есептен шығаруға және оларды ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі Орталық депозитарийдің позициясына (бұдан әрі - Орталық Депозитарийдің позициясы) жазуға арналған төлем тапсырмасын қалыптастырып, оны Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығына береді.

Ұлттық Банк пен Алғашқы агенттің Орталық депозитарийге берген "депо" тапсырмалары сәйкес келмеген жағдайда Орталық депозитарий ақшаны Алғашқы агенттің позициясынан есептен шығаруға және оны Орталық депозитарийдің позициясына жазуға арналған төлем тапсырмасын тапсырмалардың сәйкес келген тармақтары бойынша ғана Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығына береді.

Ескерту. 2.18.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.19. Орталық депозитарийге берген төлем тапсырмалары негізінде Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы ақша аударудың банкаралық жүйесінде Алғашқы агенттің ақшасының барлығын төлем тапсырмасында көрсетілген ақша сомасымен салыстырып тексереді. Алғашқы агенттің ақшасы жеткілікті болған жағдайда Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы Алғашқы агенттің ақшасын ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі Орталық депозитарийдің позициясына аударады. Орталық депозитарий өзінің позициясына ақша жазылғаннан кейінгі 15 минуттің ішінде Ұлттық Банктің пайдасына ақша аударылғаны туралы төлем тапсырмасын жасап, оны Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығына жібереді.

Банкаралық есеп айырысу орталығындағы Алғашқы агенттің ақшасы жеткілікті болмаған жағдайда Орталық депозитарий ақшаның жетіспейтіндігі туралы Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығынан алынған хабарлама негізінде тапсырманың орындалмағаны туралы Ұлттық Банкке және Алғашқы агентке хабарлама жібереді.

Ескерту. 2.19.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.19-1. Орталық депозитарий ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі өзінің позициясынан ақшаны есептен шығару туралы Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығынан алынған хабарлама негізінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазады.

Ескерту. Ереже 2.19-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің

1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.19-2. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазғаннан кейін Орталық депозитарий Ұлттық Банкке және Алғашқы агенттерге Ұлттық Банктің ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі позициясына (бұдан әрі - Ұлттық Банктің позициясына) Ұлттық Банктің аукционда сатып алынған қысқа мерзімді ноттарын төлеу және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазу есебіне ақша жазылғаны туралы хабар жібереді.

Ескерту. Ереже 2.19-2 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.19-3. Орталық депозитарийден деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы Ұлттық Банктің позициясына Ұлттық Банктің аукционда сатып алынған қысқа мерзімді ноттарын төлеу және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттің "депо" есепшотына жазу есебіне ақша аударылғандығы туралы хабар алғаннан кейін, Алғашқы агенттер, егер инвестордың Алғашқы агентпен жасаған шартында өзгеше көзделмесе, инвесторға оның Ұлттық Банктің қағаз жазбадағы қысқа мерзімді ноттарын меншіктену құқын растайтын куәлік б е р е д і .

Ескерту. Ереже 2.19-3 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.20. Алғашқы агенттермен алдын ала келіскен бағасы, ноттарды сату көлемі бойынша Ұлттық Банк өзі шығаратын қысқа мерзімді ноттарын сатқан кезде оларға төлем жасау мен өтеу Ұлттық банк белгілеген шарттарға сәйкес және орналастырудың аукциондық әдісіне арналған осы Ережеде анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

III. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын айналысқа шығару және өтеу

3.1. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын айналымға шығару Алғашқы агенттердің Ұлттық Банктің аукционда сатып алған қысқа мерзімді ноттарын төлеу үшін Ұлттық Банк белгілеген және осымен бір мезгілде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру нәтижесі бойынша Алғашқы агенттің Орталық депозитарийдегі "депо" есепшотына жазылған күннен басталады.

Ескерту. 3.1.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

3.2. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын есепке алу және олар бойынша құқықтар, сондай-ақ олармен жасалған мәмілелерге техникалық қызмет көрсету Алғашқы агенттер үшін - Ұлттық Банк белгілеген бағалы қағаздардың Орталық депозитарийіндегі "депо" шоты бойынша және Алғашқы агенттердің инвесторлары үшін - бірінші санатты брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар Алғашқы агенттерде ашылған "депо" шоттарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 3.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

3.3. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын иеленушілер оларды кепілге беруге, РЕПО және кері Репо операцияларын жүргізуге, қайталама рынокта сатуға және сатып алуға құқылы. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен қайталама рыноктағы мәмілелер жасау өтеу мерзімі көрсетілген күнге дейін бір жұмыс күні қалғанда тоқтатылады.

3.3-1. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтелген күнгі жұмыс күніндегі сағат 17.00-ден кешіктірмей Алғашқы агенттер Ұлттық Банктің өздеріне тиесілі өтелуге тиісті қысқа мерзімді ноттары және банктік деректемелері туралы мәліметтерді Орталық депозитарийге береді.

Ескерту. 3.3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

3.4. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтелген күнгі жұмыс күніндегі сағат 17.00-ден кешіктірмей Орталық депозитарий Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшесіне Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының эмиссиясының болашақта өтелетіндігі туралы мәліметті эмиссиядағы бағалы қағаздардың санын, өтелуге тиісті соманы және Орталық депозитарийдің банктік деректемелерін көрсете отырып береді.

Ескерту. 3.4.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

3.5. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтелген күні Ұлттық Банк сағат 11.00-ге дейін өтелу туралы мәліметтерге сәйкес Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударды.

Ескерту. 3.5.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

3.5-1 Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу үшін Орталық

депозитарий өздерінің номинальдық құны бойынша Алғашқы агенттердің позициясына өтелетін күнгі сағат 12.00-ге дейін ақша аударарды.

Ескерту. 3.5-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

3.5-2. Орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу үшін ақша аударумен бір мезгілде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Алғашқы агенттердің "депо" есепшоттарынан есептен шығарады (өтейді).

Ескерту. 3.5-2 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

3.6. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтелгеннен кейін Орталық депозитарий Ұлттық Банкке өтелгендігі туралы хабар жібереді.

Ескерту. 3.6.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен .

3.7. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен операциялар жасау: кепілге салу, РЕПО және кері РЕПО операциялары, сатып алу және сату, сондай-ақ басқа да операциялар биржалық және биржадан тыс қайталама рыноктарда бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 30 маусымдағы
N 246 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің қысқа
мерзімді ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу
ережесіне N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді
ноттарымен операциялар жүргізуге қызмет көрсету туралы
ҮЛГІ ШАРТ

Алматы

" ____ " _____ 1997 ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының негізінде жұмыс жүргізетін, бұдан әрі "Ұлттық Банк" деп аталатын _____ атынан бір жағынан және Жарғы негізінде жүргізетін, бұдан әрі "Алғашқы агент" деп аталатын _____ атынан екінші жағынан, мына төмендегілер туралы шарт жасасты:

Шарттың мәні

1.1. Ұлттық Банк Алғашқы агентке Ұлттық Банктің бағалы қағаздардың алғашқы рыногындағы қысқа мерзімді ноттарымен операциялар жүргізуге өкілеттік береді, ол "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесіне" (бұдан әрі - Ереже) сәйкес жүзеге асырылады.

Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Ұлттық Банк:

2.1.1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда болмаса, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының алғашқы және қайталама рыногында Алғашқы агенттің іс-әрекетіне бақылау жасау барысында алатын ақпарат туралы мәліметтерді жарияламауға;

2.1.2. Алғашқы агентке Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы осы өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап үш күндік мерзімде хабарлап отыруға;

2.1.3. Алғашқы агентпен осы Шарт бұзылған жағдайда Ұлттық Банк ол бұзылардан он күн бұрын бұл жайында Алғашқы агентке, сондай-ақ осы Алғашқы агенттің барлық инвесторларына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жазбаша хабарлауға міндетті.

2.1.3-1. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары номинальдық бағасы бойынша өтелетін күні сағат 12.00-ге дейін өтелсін.

Ескерту. 2.1.3-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2 . 2 . Ұ л т т ы қ Б а н к :

2.2.1. Алғашқы агенттің қызметіне бақылау жасау мақсатында оның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының рыногында жүзеге асыратын кез-келген операциясы туралы қажетті ақпарат сұратуға;

2.2.2. Алғашқы агент қолданылып жүрген Ережені бұзған, сондай-ақ осы Шарттың 2.4.2-1 тармағын орындамаған немесе Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукционына түсірілген өтінімдерге төлем жасауға ақша аударудан ішінара бас тартқан жағдайда, Алғашқы агент Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының 5 аукционына қатыстырудан біржақты тәртіппен шектетілісін;

Ескерту. 2.2.2. тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.2.3. Алғашқы агент немесе оның инвесторы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына төлем жасауға ақша аударудан толық бас тартқан жағдайда немесе ішінара бас тартуын қайталаған жағдайда, сондай-ақ іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының бұзылғаны байқалған жағдайда, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Алғашқы агенттен дилерлік және/немесе брокерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтарып алған жағдайда біржақты тәртіппен Алғашқы агентпен осы шартты бір күнтізбелік жыл ішінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен жасалатын операцияларға қызмет көрсету туралы Шартқа Алғашқы агенттің қол қоюына құқық берілмейтін етіп бұзуға;

2.2.4. Алғашқы агенттің жазбаша өтініші бойынша осы шарттың күшін үш айдан аспайтын мерзімге ұзартуға, осыған байланысты Алғашқы агентпен жаңа Ш а р т ж а с а с у ғ а к ү қ ы л ы .

2.3. Ұлттық Банк ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы Алғашқы агентке хабарламауы салдарынан оның ережелердің қағидаларын бұзуы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукциондарына Алғашқы агенттің қатысуы жөніндегі құқықтарын шектеуге негіз болып табылмайды.

2 . 4 . А л ғ а ш қ ы а г е н т :

2.4.1. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Ережеге сәйкес осы Шарттың қағидаларын сақтауға және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы және қайталама рыноктарында мәмілелерді жүзеге асыруға;

2.4.2. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына қызмет көрсетуге Ұлттық Банк белгілеген бағалы қағаздар Орталық депозитарийларымен шарт жасасуға;

Ескерту. 2.4.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.4.2-1 Алғашқы агент өз қызметін орындап жүрген кезде қатарынан үш аукционды жібермей Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының аукционына қ а т ы с с ы н .

Ескерту. 2.4.2-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

2.4.3. Алғашқы рынокта аукционның бағалық шарттарына, сондай-ақ Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының рыноктық бағасына олардың қайталама рыногында ықпал жасауды мақсат еткен бағалы қағаздар рыногына басқа да қатысушылармен жазбаша немесе ауызша уағдаластық жасамауға;

2.4.4. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операция жүргізуге өкілетті бөлімшелері аукционға қатысуға жазбаша өтінім берген өкілетті адамдардың қойылған қолдарының үлгілерін табыс етуге;

Ескерту. 2.4.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің 1998.12.31. N 360 V 9 8 0 8 5 7 _ қаулысымен.

2.4.5. Олар аукционда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына төлем жасау үшін Ұлттық Банктің шотына тиісті төлем жасалатын күннің 17.00 сағатынан кешіктірмей ақшаның түсуін қамтамасыз етуге міндетті, аукционда сатып алынған Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына төлем жасау үшін ақша 17.00 сағаттан кейін түскен жағдайда түсімнің кешігуі бір күнге кешіктірілді деп қ а р а л а д ы .

2 . 5 . А л ғ а ш қ ы а г е н т :

2.5.1. Біржақты тәртіппен Ұлттық Банктің кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Шартты бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда Алғашқы агент өзінің инвесторларын олар таңдап алған басқа Алғашқы агентке көшіруге м і н д е т т і .

Т а р а п т а р д ы ң ж а у а п к е р ш і л і г і

3.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Шартқа сәйкес жауапты болады;

3.2. Ұлттық Банк аукционда сатып алынған қысқа мерзімді ноттарына

төлем жасауға Алғашқы агенттен және/немесе оның инвесторынан ақшаның уақтылы түспегені үшін Алғашқы агенттен әрбір кешіктірілген күн үшін

төлемнің барлық сомасынан 2% мөлшерінде өсімпұл өндіріліп алынады.

Дауларды шешу тәртібі

4.1. Осы Шарт бойынша дау туған жағдайда Тараптар туындаған дауларды сотсыз шешу үшін барлық шараларды қолданады. Туындаған дау бойынша келісімге қол жетпеген жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс.

Шарттың қолданылу мерзімі

5.1. Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне кіреді және 199_____ дейін қолданылады.

5.2. Алғашқы агент осы Шарттың қолданылу мерзімі бітерден 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұлттық Банкке Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш жолдауға құқылы, бұдан кейін жаңа Шарт жасалады.

Басқа да жағдайлар

6.1. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі дана етіп жасалды, әрқайсысының заң күші бірдей.

6.2. Осы Шартты орындаған кезде Тараптар ережелерді басшылыққа алады.

6.3. Осы Шартқа енгізілген барлық толықтырулар мен өзгерістер тараптар жазбаша түрде әзірлеп, қол қойған жағдайда заңды болады.

Тараптардың тұрған жері және реквизиттері

Ұлттық Банк

Алғашқы агент

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Басқармасы
1997 жылғы 30 маусымда
бекіткен N 246 Қазақстан
Республикасы Ұлттық

Банкінің қысқа мерзімді
ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу
ережесіне N 2 қосымша

_____ *)
шығыс номері

Ескерту:

- шығыс номері мен күні Алғашқы агенттің шығыс хат-хабарларын тіркеу журналының негізінде толтырылады.

"__" _____ 199__ ж.
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын
199__ жылғы "__" _____ N _____ эмиссия бойынша сатып алуға**

Ескерту:

- эмиссия номері аукцион жүргізу шартына байланысты толтырылады.

ӨТІНІМ

Алғашқы агент ретінде қатысатын бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысы, N _____

(ресми атауы және оның тіркеу коды)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған шоты

МФО _____ N _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын күндік өтеу мерзімімен мынадай баға бойынша сатып алуға дайын екенін көрсетеді:

| Қысқа | Бағалы | Бір | Нақты | Бір | Дисконт. |

		мерзімді		қағаздар		ноттың		құны		ноттың		телген	
		ноттардың		рыногына		нақты		бойынша		дисконттік		баға	
		саны		қатысушы		құны		сатып алу		құны		бойынша	
		(дана)		ның		(теңге)		көлемі		сатып алу			
		тіркеу		(теңге)		көлемі							
		коды				(теңге)							
		(***)											
		жиынтығы		бәсекелік									
		ұсыныстар											
		жиынтығы		бәсекелік емес									
		ұсыныстар											

Ескерту:

- 3-бағанда сатып алушы Алғашқы агенттің немесе оның Инвесторының тіркеу коды көрсетіледі

Басшы:

Бас бухгалтер:

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 30 маусымда
N 246 Қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің қысқа мерзімді
ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу
Ережесіне N 3 қосымша

Ескерту. 3-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің
1998.12.31. N 360 V980857_ қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
қысқа мерзімді ноттарын сатып
алуға келіп түскен тапсырыстардың
ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСІ
/ ____ N ____ эмиссия/
өтеу мерзімі _____ күн _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары
аукционының шарттары төмендегідей болып белгіленеді.

Ұлттық банктің қысқа мерзімді ноттарын сатудың белгіленген көлемі
_____ млн. теңге

Бір қатысушыға қанағаттандырылған тапсырыстарды шектеу проценті
_____ процент

Жарияланған көлемнің бәсекелесті емес ұсыныстарын қанағаттандыру
проценті _____ процент

Қазақстан Республикасының Резидент емес-инвесторларының қатысу
проценті _____ процент

Резидент емес бір қатысушыға қанағаттандырылған тапсырыстарды
шектеу проценті _____ процент

Бәсекелесті емес ұсыныстарды қанағаттандыру проценті
_____ процент

резидент еместер үшін жарияланған көлемнен _____ процент

Тапсырыста		Тапсырыста		Осы дисконт.		Резиденттердің қысқа мерзім.	
көрсетілген		көрсетілген		телген баға		ді ноттарды сатып алу көлемі	
дисконттел.		сыйақы (мүд-		бойынша келіп		_____	
ген баға		де) ставкасы		түскен тап.		Қысқа мерзімді	
/процентпен/		бойынша дис.		сырыстар саны		ноттарды сатып	
		рыстарда				рылған тапсы.	
		баға		/дана/		түскен сома	
		/процентпен/				(теңге)	

Барлығы				

Резидент еместердің |Аукцион бойынша |Аукционда |Орташа
қысқа мерзімді ноттарды |түсетін ақша |қалыптасқан|дисконт.
алу көлемі |көлемінің көбейе |орташа |телген баға
|беруі |белгіленген|бойынша

_____ |_____ |дисконтт. |жылдық
Сатып алы. |Тапсырыстарды|көрсетілген|көрсетіл. |баға |сыйақы (мүд.
натын қыс. |қанағаттан. |шектеуді |ген шек. | |де) ставкасы
қа мерзім, |дырғанда |есептеме. |теулерді |_____ |_____
ді ноттар. |/сома теңге/ |генде |ескерген. |процент |процент
дың саны | | /теңге/ |де /теңге| |

Барлығы				

Бір қысқа мерзімді нотқа орташа белгіленген дисконттелген
бағасы, берілген тапсырыс _____% болды

Бір қысқа мерзімді нотқа орташа белгіленген дисконттелген
бағасы, жарияланған көлеміне _____% болды

Барлық өткізілген аукционның қысқаша талдамасы

Көрсеткіш |Аукционға ұсынылған барлық|Аукционның жарияланған көлемі
атауы | тапсырыстар |деңгейіндегі тапсырыстар

_____ |_____
|Алғашқы|Инвес. |Рези. |Бар. |Алғашқы|Инвес. |Рези. |Барлығы
агент.	тор	дент	лығы	агент.	тор	дент
тер	рези.	емес		тер	рези.	емес
	денттер	инвес			дент.	инвес.
		тор.			тер	торлар
		лар				

Бәсекелесті								

тапсырыс саны (дана)									
Бәсекелесті емес тапсырыс саны (дана)									
Тапсырыстың жалпы саны (дана)									
Келіп түскен көлемі (теңге)									
Тапсырыстың орташа белгіленген дисконттелген бағасы									

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 30 маусымдағы
N 246 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің қысқа мерзімді
ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу
ережесіне N 4 қосымша

Ескерту. 4-қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкінің
360 V980857 қаулысымен.

1998.12.31. N

(толық атауы, оның тіркелген шартты белгісі)

Қазақстан Республикасының Алғашқы агентке
Ұлттық Банкі Бірінші Басшы
(лауазымы, аты-жөні)

орналасқан жері

" " _____
N _____

ЖАЗБАША ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осымен мынаны хабарлайды,
Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуға берген Сіздің
тапсырымыңыз " " _____ 199__ жылғы N _____ эмиссия
бойынша

_____ теңге сомаға қанағаттандырылды. Аукционның орташа алынған
дисконттелген бағасы бір қысқа мерзімді нотқа _____% болды.

Тапсырыс пункті	Қатысушының тіркеу коды	Қысқа мерзімді ноттар (дана)	Бір қысқа мерзімді сатып алыну көлемі	Қанағаттанды. рылған сатып алыну көлемі
N			дисконттелген баға (%)	(теңге)
Жиыны:				

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті

ҚРҰБ бөлімшелері басшыларының лауазымды, аты-жөні

" " _____ 199__ ж.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 30 маусымдағы

№ 246 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің қысқа мерзімді
ноттарын орналастыру,
айналысқа шығару және өтеу
ережесіне № 5 қосымша

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкінің
1998.12.31. № 360 V980857 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК